



ТІЛ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ КОММУНИКАЦИЯ

Көркем әдебиетті түсіну мәселелері





Дәрістің мақсаты: оқырманның аялық білімін толықтыруға, мәдениеттер қақтығысын болдырмауға бағытталған комментарийлер қазақ тілін үйренуші шетелдік оқырманға қаншалықты қажет болса, қазақтілді оқырманға да соншалықты қажеттігін тарихи-мәдени кодтарды ашу арқылы қол жеткізуге болатынынан хабардар болады.

Дәрістің басты терминдері: тұрмыстық лексика-фразеологизмдер, қашықтық өлшемдер, уақыт өлшемін білдіретін халықтық атаулар, әлеуметтік жікті білдіретін атаулар, бағыт-бағдарды білдіретін лексика-фразеологиялық бірліктер, этнографизмдер, жаргондар.

- Тұрмыстық лексика-фразеологизмдер – белгілі бір дәуірдің жаппай әлеуметтік қолданатын күнделікті тұрмыс зат атаулары мен тіркестері;
- Қашықтық өлшемдері – халықтың тұрмыс-әдетінен шыққан кеңістік, қашықтықтың өлшемі болатын халықтық атаулар;
- Уақыт өлшемін білдіретін халықтық атаулар – халықтың тұрмыс-әдетінен шыққан уақыт, мерзім өлшемі болатын халықтық атаулар;
- Әлеуметтік жікті білдіретін атаулар – қоғамның әлеуметтік тап өкілдерінің тобын атайтын сөздер;
- Бағыт-бағдарды білдіретін лексика-фразеологиялық бірліктер – қозғалыс бағдарын, алған бағытты білдіретін халық тілінде қалыптасқан тұрақты сөз тікестері;
- Этнографизмдер – халықтың әдет-ғұрып, салт-жоралғы атаулары;
- Жаргондар – белгілі әлеуметтік азшылық топтың тіліне тән, сол мүшелер астарлап сөйлеу үшін қолданылатын сөздер.

1. Әлеуметтік өмірдегі процестер

Дәрісте көркем туындылар тіліндегі тарихи-мәдени кілттенген сөздердің, лингвомәдени культуремалардың жұмбағын ашудың маңыздылығы туралы сөз қозғаймыз. Мәтін – айрықша тілдік код, сондықтан оқырман санасында мәтіндегі тілдік кодты аша алатындай тілдік білімнің болуы шарт, өйткені автор айтпақ ой-сезімін тілдік бірліктер арқылы кодқа салады. Ал тілдік білім дегеніміз сөзді, оның мағыналарын, сөйлем оның мағыналары мен құрылымдарын білу дегенге саяды. Мысалы, профессор Н. Уәли Ғ. Мүсіреповтің «Ананың анасы» атты қысқа әңгімесінен мынадай кілттенген сөздер бар: 1) тұрмыстық мазмұндағы лексика-фразеологизмдер: күпі, тезекші, тоқым, саба (іріктің сабасы), шақпақ шақты, қапқыш, ер жастанып, тоқым төселді; төс айыл, артқы айыл, құрық, құлыншақ, шылбыр, жалбағай, торы бесті, найза, сойыл, теңде, елді шап, торы басты; саңдақ; жылқышы, сауыншы т.б.; 2) қашықтық өлшемдерді білдіретін халықтық атаулар: жарты көш жер, қозы көш жер, найза суырып, сойыл сілтейтін жер; жердің шетіне дейін т.с.с.

Міне, бұлар – байырғы замандағы ақиқат дүниенің денотаттар әлемі дейді ғалым. Осылар арқылы оқырманға ерте заманның «есігі» ашылады. Бір жағынан, бұл тәрізді таңбалар тілдік код болса, екінші жағынан, когнитивтік код я болмаса тіл субъектісінің санасындағы ақиқат дүниенің картинасы, ұрпақтан ұрпаққа тіл арқылы беріліп келе жатқан дәстүрлі білімдер жүйесі.

Алайда мәтінде тіпті орташа статистикалық тілдік тұлға үшін де кездесетін қиын тұстар болуы мүмкін. Өйткені қайсыбір тілдік таңбаларда когнитивтік кодқа салынған ақпараттар оқырман санасында үстірт қана ашылуы ықтимал.

Тілдік таңбаларда кодқа салынған мәдени-тарихи ақпараттарды аша білу – мәтінді тереңірек түсінуге септігін тигізетін жайттардың бірі. Бұл жерде мәселенің түйіні мәтінді қабылдаушы реципиенттің санасымен байланысты. Адресаттың дәстүрлі білімдер жүйесі әр алуан және жан-жақты болған сайын, мәтіндегі кодқа салынған ақпараттарды ашу мүмкіндігі көбірек болады. Ондай оқырманның мәтін арқылы автормен болған диалогі, алатын әсері айрықша болмақ.



2. Мәдени-тарихи код

Көркем мәтінде кодқа салынған ақпараттардың енді бір үшінші типі – эстетикалық ақпараттар. Эстетикалық ақпараттар кодқа салынған көркем мәтінде оқырманға әсер ету, сезіміне әсер ету үшін қолданылады. Сыртқы дүниедегі белгілі бір денотатты меңзейтін сөздер оқырман санасындағы ақиқат дүние картиналарына қозғау салады. Сондықтан көркем шығарма тілі абстракті ойлауға емес, сезім мүшелерінің деректі қабылдауына сүйенеді. Күн ыстық, күн күйіп тұр, күннің көзі қайнап тұр деген сөздер көру, тері, сезім мүшелерінің қабылдауына негізделген. Сондай-ақ күн ыстық жай хабарлау болса, күн күйіп тұр сөзі сөйлеушінің объективті ақиқат жөнінде ұнату/ұнатпау сезімін, көзқарасын да білдіреді. Мәтіндегі денотативтер (денотаты бар атаулар) оқырман санасының бір түпкіріндегі ақиқат дүниенің картинасын «оятады», сөйтіп, санада ақиқат дүние ұғымының елесі пайда болады.

Өз бетінше орындайтын тапсырмалар

1. Қазақ әдеби тілінің сөздігінің 15 томдығын пайдалана отырып, күпі, тезекші, тоқым, шақпақ шақты, ер жастанып, тоқым төсенді деген сөздер мен тіркестердің кодын ашыңыз.
2. «Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» атты 5 томдық энциклопедияны пайдалана отырып, жарты көш жер, қозы көш жер, найза суырып, сойыл сілтейтін жер қашықтықтары қандай аралық екенін есептеңіз.
3. Барымта туралы Шоқан Уәлихановтың мақаласын тауып оқыңыз, дәріс мәтініндегі ақпаратпен салыстырыңыз.

Бақылау сұрақтары

1. Классикалық туындыларда жалпақ оқырманға түсініксіз болатын сөздер көбінесе қандай сипата болады?
2. Тарихи-мәдени кілттенген сөздер деп қандай сөздерді атаймыз?
3. Эстетикалық кодқа салынған сөздер деп қандай сөздерді атаймыз?

Дәріс тақырыбы бойынша қосымша ресурстар

1. Уәли Н., Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері. Докторлық дисс. Алматы, 2007.
2. Күдерінова Қ., Дүйсебекова Ж., ЖОО-да білім мен ғылымды ұштастыру мәселелері // Қазақстанның ғылыми өмірі, 2018, №4.
3. Күдерінова Қ., Абай жолының 1-кітабындағы көркемдік кілт // СДУ Хабаршысы, 2017. №4
4. <http://scibook.net/teoriya-literaturyi-istoriya/yazyik-hudojestvennogo-proizvedeniya-16999.html>.
5. <http://tapemark.narod.ru/les/608a.html>.
6. Каримова К.К., Трансформация лингвокультурам романа М.О. Ауэзова «Абай жолы» при прямом и опосредованном переводе: диссертация к.ф.н. – Алматы, 2008.
7. А. Антипов, О.Д. Донских, И.Ю. Морковина, Ю.А. Сорокин, Текст как явление культуры. Новосибирск.1989.